

Батыс Қазақстан және Павлодар облыстарының бюджеттеріне бөлінген кредиттерді қайта құрылымдау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 тамыздағы N 875 қаулысы

"2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Б е р і л г е н м ы н а д а й :

1) 2005 жылға 500000000 (бес жүз миллион) теңге мөлшерінде 2004 жыл үшін борыш сомасын ауыстыру жолымен уақытша кассалық алшақтықты жабуға Батыс Қазақстан облысына ;

2) П а в л о д а р о б л ы с ы н а :

2005 жылға 232210988 (екі жүз отыз екі миллион екі жүз он мың тоғыз жүз сексен сегіз) теңге мөлшерінде 2004 жыл үшін борыш сомасын ауыстыру жолымен уақытша кассалық алшақтықты жабуға ;

2005 жылға 202089012 (екі жүз екі миллион сексен тоғыз мың он екі) теңге мөлшерінде 2004 жыл үшін борыш сомасын ауыстыру жолымен "Қазкоммерцбанк" ашық акционерлік қоғамы, Павлодар облысының әкімі және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі арасында жасалған 2000 жылғы 18 сәуірдегі және 2000 жылғы 11 қыркүйектегі талап ету құқығын беру шарттары бойынша бюджеттік кредиттер қайта құрылымдалсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қолданыстағы заңнамаға сәйкес:

1) Батыс Қазақстан және Павлодар облыстарының жергілікті атқарушы органдарымен қосымша келісім жасассын;

2) 1-тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген шарттардың негізінде 2004 жылдың бірінші жарты жылдығында Павлодар облысының жергілікті бюджеті төлеген 180400000 (жүз сексен миллион төрт жүз мың) теңге мөлшерінде негізгі борыштың сомасын республикалық бюджеттен қайтаруды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі